

Ұлытау облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2025 жылдың екінші тоқсанына арналған шекті мәндерін бекіту туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2025 жылғы 13 мамырдағы № 40/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Сауда қызметін реттеу туралы" заңдарына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11245 тіркелген) сәйкес Ұлытау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлытау облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2025 жылдың екінші тоқсанына арналған шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Ұлытау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлытау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облысының әкімі

Д. Рыспеков

Ұлытау облысы әкімдігінің

2025 жылғы "13" мамыр

№ 40/01

қаулысына қосымша

Ұлытау облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2025 жылдың екінші тоқсанына арналған шекті мәндері

№	Тауарлар атауы	Екінші тоқсан (теңге)
1	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	291
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	250
3	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	442
4	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	343

5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді , өлшеніп салынатын), килограмм	613
6	Картоп, килограмм	263
7	Асханалық сәбіз, килограмм	301
8	Басты пияз, килограмм	203
9	Ақ қауданды қырыққабат, килограмм	310
10	Ақ қант - құмшекер, килограмм	450
11	Күнбағыс майы, литр	890
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	3200
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	1682
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, литр	556
15	Айран, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, литр	500
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5 % толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	4856
17	Тауық жұмыртқасы (І санатты), 10 дана	597
18	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), килограмм	118
19	Сүзбе: майлылығы 5-9 %, килограмм	2660